

Бейнеу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 35/248 "
Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл
шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық
мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату
туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күші жойған

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданық мәслихатының 2016 жылғы 23 маусымдағы № 3/24 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 03 тамызда № 3106 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Бейнеу ауданық мәслихатының 2018 жылғы 2 мамырдағы № 22/188 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 02.05.2018 № 22/188 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, сонымен қатар Маңғыстау облысының әділет департаментінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 10-11-146 ақпараттық хатының негізінде, Бейнеу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бейнеу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 35/248 "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2854 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

кіріспе бөлімі келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)"

Кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (Б.Түйешиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркеуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б.Досов

Аудандық мәслихат

хатшысы

А.Ұлұқбанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Бейнеу аудандық жер қатынастары,
сәулет және қала құрылысы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Б.Өтегенов

23 маусым 2016 жыл

"Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік кірістер
комитеті Маңғыстау облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаментінің
Бейнеу ауданы бойынша мемлекеттік
кірістер басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

Қ.Үсенғалиев

23 маусым 2016 жыл